

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№1 хаттамасы**

04.09.2024жыл

Қатысқандар 25

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.
2. Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Ахметова Б.К сөз сөйледі.

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар.

Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету, педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау, педагогтің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жәйларды жан-жақты, толық объективті зерттеу болып табылады.

Кеңес отырысы: егер оған кеңес мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай бірақ тоқсанына қарай бір рет өткізіледі.

Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Даниярова С.И педагогикалық еңбек ардагері:

Мұғалім өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне назар аударуы керек. Әр оқушыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден бір жан ол-ұстаз. «Шәкірттің жақсы болғаны - ұстазынан» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындап, қолынан келгенін үйретіп, бағыт –бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, жоғарыда аталған қасиеттеріне ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ пен қара түс болып табылады. Мұғалімнің шаш үлгісі өзіне жарасымды болуы тиіс. Психологтардың айтуынша өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп,ұқыпты кебетімен үлгі бола отырып ішкі жан дүниесінің көркемдігімен шәкірт жанын ұғына алатын мінезімен көріну керек.

Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Ауталив Р. Бастауыш сынып мұғалімі:


Ұстаз ата-аналармен,оқушылармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Ұстазэтикасы- мұғалім мен бала, ата-ана ,мұғалім арасындағы қарым – қатынас.Педагогикалық этика- ұжым ішінде мұғалімдер арасында басталып,өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс.Адамагершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан оның ғылыми негізделген жүйесі жасалу тиіс.Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтежесінде жүзеге асуы мүмкін.

Кеңес шешімі:

1.Аққайың ЖОББМ жанындағы педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі

бекітілсін.

2.Мұғалімнің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.

Кеңес төрайымы:  Б.К.Ахметова

Хатшы:  М.Нэгдэлхан